

**6M120100 – Ветеринарлық медицина мамандығының
«Жануарлардың жұқпалы емес ауруларын диагностикалаудың және
емдеудің заманауи әдістері» және «Жануарлардың жұқпалы ауруларын
диагностикалаудың және емдеудің заманауи әдістері» оқу
бағдарламаларының
ЕРЕКШЕЛІГІ**

Оқу бағдарламаларының негізгі мақсаты – магистранттарға аса қауіпті және шетелдік экзотикалық аурулардың таралуын алдын алатын заманауи диагностикалық зерттеулерді, ветеринарлық-санитарлық шараларды өткізу туралы сұрақтарды меңгерту болып табылады. Осыған байланысты оқу бағдарламаларының мазмұны Кедендік Одақ пен Дүниежүзілік Сауда Ұйымына қосылуға байланысты, сонымен қатар халықаралық ветеринарлық ұйымдардың (ХЭҰ, ӘСҰ, ДДҰ мен т.б.) талаптары мен ұсыныстарына сай жануарлар ауруларын диагностикалаудың және емдеудің әдістерін жүзеге асыру үшін білім алу мен тәжірибелік икемдерді меңгеруге бағытталған.

6M120100 – Ветеринарлық медицина мамандығы бойынша «Жануарлардың жұқпалы емес ауруларын диагностикалаудың және емдеудің заманауи әдістері» және «Жануарлардың жұқпалы ауруларын диагностикалаудың және емдеудің заманауи әдістері» магистрлік оқу бағдарламаларының негізгі мәселері:

1. мемлекет пен нарық, мамандық бойынша магистранттарды дайындайтын ғылыми, тәжірибелік және ұстаздық іскерліктегі мекемелер талаптарына сай негізделген ветеринарлық салаға жататын бағыттар бойынша теориялық және тәжірибелік білімдерді тереңдету;

2. ғылым мен өндірісте қазіргі ғылыми және тәжірибелік мәселелерді тұжырымдау мен шешуге, жоғары оқу орындарында сабақ беруге, ветеринарлық әртүрлі құрылымдарында зерттеу мен басқару ісін табысты жүргізуге қабілетті азаматтық көз-қарасы бар кәсіби мәдениет, соның ішінде кәсіби тілдесу мәдениет деңгейі жоғары мамандарды дайындау;

3. магистранттарға жануарлардың жұқпалы емес, инвазиялық және жұқпалы аурулардың пайда болу мен таралу заңдылықтарын, заманауи диагностикалау әдістері мен олармен күресу жолдары туралы кеңейтілген білім беру;

4. магистранттардың таңдаған оқу бағдарламасының бағыттары бойынша жеке білім траекториясын қамтамасыздандыру.

Бұл бағдарламалар ветеринарлық зертханаларда, сонымен қатар ғылыми-зерттеулік мекемелерде жұмыс жасайтын мамандар қажетті әлеуетті жұмыс берушілердің талаптарына сай құрылған.

6M120100 - Ветеринарлық медицина мамандығы бойынша оқу бағдарламалары Мемлекеттік Ұлттық мамандықтар шегінде және кәсіби стандарттарға сай құрылып, Дублиндік дескрипторлар мен Еуропалық мамандықтар шегінде жалпыға бірдей жоғары оқу Мемлекеттік стандартына негізделіп, 2006 жылдың 01 қыркүйегінен ҚР өкіметінің қаулысымен (№ 779) бекітілген магистратура және 6M120100-Ветеринарлық медицина

мамандығының типтік оқу жоспарларына келістірілген. Оқу бағдарламалары пәндерді модульді оқу негізінде жобаланып, жалпы мәдениетті, арнайы тілді және кәсіби міндеттерді құрайтын 13 модульден тұрады.

Әрбір оқу бағдарламасында жалпы 59 кредиттер саны, олардың ішінде: теориялық оқуға арналған жалпы 42 кредиттер саны, 6 кредит - тәжірибелік оқуға (тәжірибенің барлық түрлері), 7 кредит - магистрлік диссертацияны орындауға, 3 кредит - магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғауға, 1 кредит - мамандық бойынша Мемлекеттік емтихан тапсыруға негізделген. Білім алушыға элективті оқу пәндерді альтернативті таңдауға мүмкіндік беретін оқу жоспарына арналған элективті пәндердің каталогы жасалған.

6M120100 – ветеринарлық медицина мамандығының «Жануарлардың жұқпалы емес ауруларын диагностикалаудың және емдеудің заманауи әдістері» және «Жануарлардың жұқпалы ауруларын диагностикалаудың және емдеудің заманауи әдістері» бағдарламалары бойынша магистратура бітірушілері келесі кәсіби қызмет түрлерін атқара алады:

- Мемлекеттік ветеринарлық қызмет мекемелері, ветеринарлық кедендер, шекара мен көлік, бақылау пунктерінде;
- Биологиялық белсенді заттар мен биологиялық препараттарды дайындау және бақылау мекемелерінде;
- ғылыми-зерттеу институттарында, ветеринарлық бағыттағы мемлекеттік және жеке кәсіптік мекемелерде;
- ветеринарлық мамандарды дайындайтын және қайта дайындайтын мекемелер мен өндірістерде;
- республикалық және аймақтық ветеринарлық зертханаларда.

Жұмыс берушілер мен өндірістер:

- 1) «Республикалық ветеринарлық зертхана» РМҚ;
- 2) «Ветеринария бойынша ұлттық референттік орталық» ММ;
- 3) Ветеринарлық ғылыми-зерттеу ұйымдар;
- 4) Әкімшіліктегі ветеринарлық бөлімдер;
- 5) Ветеринарлық мамандықтары бар ЖОО мен колледждер;

6M120100 – Ветеринарлық медицина мамандығы бойынша магистратура оқу бағдарламасы келесі төмендегі оқу нәтижелеріне бағытталған.

Құзыретті (білікті) болу:

- ғылыми зерттеулердің әдіснамасы саласында;
- жоғары оқу орындарындағы ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызмет саласында;
- қазіргібілім беру технологияларына қатысты мәселелерде;
- кәсіптік салада ғылыми жобалар мен зерттеулерді орындауда;
- білімді үнемі жаңартуды, кәсіптік дағды мен білікті кеңейтуді қамтамасыз ету әдістерінде құзыретті болуы тиіс.